

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**А.С. Абилдаева, Г.М.Амрекулова**

---

*«Математика және мен» элективті курсы бойынша бастауыш  
сынып математикасына арнап жазылған*

**АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**

**Нұр-Сұлтан – 2021**

**УДК 321**  
**ББК 92.311.7**

**Рецензент:**

**Мұқатаев О.О.** педагог мастер, Қазақстан Республикасы  
«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

**Математика және мен / құрастырушы-авторлар: А.С. Абилдаева, Г.М. Амрекулова** – Жамбыл облысы, бастауыш сынып мұғалімдері, 2021. – 50 б.

**ISBN 987-601-6702-60-3**

Құрастырушы автор 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасаған. Авторлық бағдарламаның мақсаты математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларына логикалық есептерді шығару жолдарын үйретуге және баланың логикалық қабілетін дамытуға бағытталған. Есеп шығарудың түрлі жолдарын құрастыра отырып жасалған авторлық жұмыс баланы жалықтырмай, шаршатпай жұмыс жасатуға мүмкіндік береді.

**УДК 321**  
**ББК 92.311.7**

«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «22» ақпандағы №33 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды

**ISBN**

**987-601-6702-60-3**

© ҚР «Өркениет» ҒӘО, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «ÓRKENIET» ҒЫЛЫМИ-  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСЫНА  
ҰСЫНЫЛДЫ**



**Рецензент:**

Рецензент: «Órkeniet» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері О.О. Мұқатаев

**Құрастырушы авторлар:** Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы «Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің» бастауыш сынып мұғалімі **Абилдаева Акбота Серикбаевна** мен Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі **Амрекулова Гульшат Мейрамхановна**

©Қазақстан Республикасы «ÓRKENIET» ғылыми-әдістемелік орталығы, 2021 жыл

## **ШКІР**

Екі құрастырушы автор – Абилдаева Акбота Серикбаевна мен Амрекулова Гульшат Мейрамхановна өздері бірігіп жазған элективті курс бағдарламаларында қазақтың қарапайым қара есептерін шешудің жолдарын меңгертуді мақсат ете отырып, қызықты есеп үлгілерін ұсынған. 34 сағатқа негізделіп жасалған бағдарлама 3-4-сыныптың элективті курс сабақтарына арнап жазылған. Құрастырушы екі автор еңбектерінде оқушылардың ойлау, қабылдау, жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу бағдарламаларына сай есеп шығарудың үлгілерін енгізген.

Авторлық бағдарлама мектептегі әдістемелік пән бірлестігінің отырысында қаралды, пайдалануға жарамды деп бағаланып, бекітуге ұсынылды.

**Иманбердиева Шолпан**

Бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші педагог.

## Түсінік хат

Жан-жақты ойлау қабілеті жетілген, шығармашыл тұлға – қоғам мен ұстаздың басты жетістігі. Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Бұдан біз «шығармашылық» ұғымының негізгі белгісі «жаңалық» болғанымен, ондағы тұлғаның, адамзаттың, қоғамның дамуына әсер ететін ерекше күштің бар екені байқамаймыз. Шығармашылық қабілет деген не? Қабілеттердің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір ұстазды мазалайды деп ойлаймыз. Шығармашылық – адамның іс-әрекетінің түрі. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері 2 түрлі әрекетте дамиды. Есептер оқушыларды табандылыққа, әр есепке ғылыми тұрғыдан қарап, анализ жасай білуге, есепті өзгеше, ерекше тәсілдермен шығаруға үйретеді.

Элективті курс сабақтарында орындалатын тапсырмалар оқу-әдістемелік желінің негізгі бағыттары бойынша құрастырылған. Ойындар, сөзжұмбақтар, сиқырлы шаршылар, мүмкіндігінше, оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында құрылған. Жекелеген оқушылармен де, жалпы сыныппен, топпен, жұппен де жұмыс түрлерін түрлендіруге болады. Мұндай сабақтардың білімділік сапасын, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда тиімділігі өте зор. Қазіргі жаһандану дәуіріне сай біздің қоғамға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл адамдар қажет. Сондықтан сабақтарда тек білімдік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың даралық қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн. Ол үшін сабақтарда түрлі қызықты ойындар, ойын-есептер, шығариашылық-тапсырмалар, логикалық жаттығуларды пайдаланып қана қоймай, есептер мен ребустар құрастыруды үйретудің мәні зор.

Осы көмекші құралда бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің бағдарламаларының тарауларына сәйкес қызықты материалдар жинақталған. Бастауыш сынып оқушыларына жұмбақтар, ребустар, логикалық тапсырмалар, шытырман есептер, оқиғаның себебін анықтауға арналған қызықты мәтіндер, көңілді жаттығулар, математика және тіл дамыту сабақтарында шығармашылық процесті менгеруіне, ойын, тілін дамытуға көмегін тигізеді деп есептейміз.

Жалпы, бұл курс оқушыларды сауаттылыққа үйретіп, олардың логикалық және танымдық, шығармашылық қабілетін арттырады, кез-келген жағдаяттан қисынын тауып шығуға баулиды, есептер мен ребустар құрастыруға үйретеді.

## **«Математика және мен» элективті курсының мақсаты мен күтілетін нәтижелері:**

Математикалық сауаттылық қазақтың қарапайым қара есептерін білуден, меңгеруден басталады. Мұғалім пәнге қызықтыра отырып, баланың математикалық әлемін қалыптастырады, есептерді шығарумен қатар, ребустар, қарапайым есептер құрастыруға жетелеуге болады. Бұл оқушының математикаға өзгеше көзқараспен қарауына қол жеткізеді.

Педагогика саласында үлкен еңбек сіңірген ғалымдар баланың шығармашылық, логикалық тапсырмаларды еркін меңгеруі үшін мына төмендегі шарттардың орындалуы қажет екенін айтады:

1. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Мысалы, біз тіл үйрету үшін баланың туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз немесе музыканттар жанұясында үнемі музыка естіп өскен баланың сол өнерге қабілеті өте ерте ашылады. Осыны басқа қабілеттер дамытуға неге пайдаланбасқа деген ой туындайды.

2. Баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер жағдайында болуы. Ерекше ойды талап ететін, әлеуметтік қарым-қатынастар шығармашылық қабілеттерді дамытуға тиімді әсер етеді.

3. Шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана бала дамуында үлкен нәтиже береді.

4. Ең негізгі шарт – балаға әрекеттің әр түрімен айналысуға, таңдауына деген еркіндіктің болуы. Баланың жұмыспен айналысуға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысам десе де өз еркі болу керек. Мұндай қызығушылық, қажеттілік, табысқа жетудің бірден-бір кепілі болып табылады.

5. Еркіндік – ойға не келсе соны істеу емес. Бала елеусіз болса да, өз күшімен, өз ойымен қиындықты жеңе отырып, жағдаяттан шығып, «жаңалық» ашуға жағдай жасау керек. Ендеше, шығармашыл жеке тұлғаны дайындау үшін кез-келген жағдаяттан қисынын тауып шыға алатын, логикалық ойлау қабілетін шыңдауға бағытталған жұмыс жүргізуіміз қажет. Мұндай жұмыс үрдісі жеке тұлғаны талдау, ойлау, есептеу, сараптау және қиял әлеміне жетелейді. Әрине, бұл жұмыс түрлері баланы жалықтырмайтын, мазмұны да, түрлері мен формалары да ерекше болу керек. Қызықты ойын есептері, логикалық тапсырмалар, көңілді жаттығулар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, ойын тұжырымдауға дағдыландырады, қиялын ұштайды, ұшқырлыққа баулиды. Оқушы жеке басының қабілетіне сәйкес алған білімін

өздігінен жұмыс істеу арқылы дамытады, бойына қажетті құзіреттілігін қалыптастырады. Оқушы тапсырмаларды шешудің тиімді жолдарын ізденеді, өзінің біліміне сүйенеді, зерттейді. Осы принциптер арқылы оқушының бойында «жаңалық ашуға» ұмтылушылық пайда болады, білімге қызығушылығы артады. Өзі ізденіп, «қазып» жеткен жетістігі баланың санасына оң әсер етеді, мақтаныш сезімі пайда болады, оның өзіне сенімі артады. Оқушымен жүргізілетін жұмыс та, оның сенімін жоғалтып алмайтындай, талапқа сай ұйымдастырылуы керек.

Мұндай сабақтардың білімділік сапасын, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда тиімділігі өте зор. Аталған курс оқушыларды сауаттылыққа үйретіп, олардың логикалық және танымдық, шығармашылық қабілетін арттырады, кез-келген жағдаяттан қисынын тауып шығуға баулиды.

**«Математика және мен» авторлық бағдарламасының мақсаты:**

Ашық қоғамда өздігінен білім алып, дами алатын, алған білім, білік дағдыларын іс жүзінде қолдана алатын елжанды жеке тұлғаны қалыптастыру.

**«Математика және мен» авторлық бағдарламасының міндеттері:**

- математикалық сауаттылық қалыптасады, өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
- қисынды ойлау қабілеттерін қызықты құрылған өрнектер, сөзжұмбақ, шытырман, сиқырлы шаршылар арқылы дамытады;
- ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшандыққа жаттығады;
- республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді;
- өз ісіне сенімді, «неге?» деген сұрақты қоя білетін және нық жауап бере алатын білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.

**Дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

- таңдаған бағытта оқытудың дұрыс мотивациясын құру;
- оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту және қадағалау, ақпараттық мәдениетін көтеру;

- оқытудың өз мерзімінде орындалуын ерекше назарда ұстау және оқытудың әр түрлі тәсілдерін қолдану;
- оқушылардың бойында белгілі бір тақырыптар бойынша өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру;
- оқушылардың еркін іс-әрекеттерін қадағалап, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу;
- істелген шаралар туралы ақпараттар дайындау;
- оқушының ата-анасымен, психологпен тығыз байланыста болуы.

### **Жұмыс істеу формасы:**

- тілдесу, есеп шығару жолдарын қарастыр;
- қызықты есептер, ребустар құрастыру, жеке оқушымен жұмыс;
- зерттеу, жобалау әдістері;
- есеп шығарып жарыстыру;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- кітапханаларға бару, интернетпен жұмыс жасау.

### **Математикалық логикаға негізделген есептер мынандай нәтижелерге қол жеткізеді.**

1. Өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
2. Қисынды ойлау қабілеттерін қызықты құрылған өрнектер, сөзжұмбақ, шытырман, сиқырлы шаршылар арқылы дамытады;
3. Ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшаңдыққа жаттығады ;
4. Республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді;
5. Өз ісіне сенімді, «Неге» деген сұрақты қоя білетін және нық жауап бере алатын білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.



**«Математика және мен» элективті курсы бойынша күнтізбелік-  
тақырыптық жоспарлау**  
Аптасына – 1 сағат. Барлығы: 34 сағат

| Р/с. | Сабақтың тақырыбы                         | Сағат саны | Мерзімі | Ескерту |
|------|---|------------|---------|---------|
| 1.   | Сандар, жай сандар және құрама сандар     | 1          |         |         |
| 2.   | Жұп сандар және тақ сандар туралы түсінік | 1          |         |         |
| 3.   | Қызықты есептер практикумы                | 1          |         |         |
| 4.   | Өрнектің мәні туралы түсінік              | 1          |         |         |
| 5.   | Сандарды салыстыру, зерттеу заңдылықтары  | 1          |         |         |
| 6.   | «3», «7», «9» сандарының мәні             | 1          |         |         |
| 7.   | Жеті санына қатысты ұғымдар               | 1          |         |         |
| 8.   | Сандықтар ребустар құрастыру              | 1          |         |         |
| 9.   | Сандық ребустармен жұмыс                  | 1          |         |         |
| 10.  | Сандық ребустарды құрастыру жолдары       | 1          |         |         |
| 11.  | Логикалық есеп түрлері                    | 1          |         |         |
| 12.  | Логикалық мәтіндік есептер                | 1          |         |         |
| 13.  | Жұмбақ есептер                            | 1          |         |         |
| 14.  | Логикалық өрнектер                        | 1          |         |         |
| 15.  | Қисынды ойлауға қызықты тапсырмалар       | 1          |         |         |
| 16.  | Қайталау сабақтары                        | 1          |         |         |
| 17.  | Азайғыш, азайтқыш, айырма                 | 1          |         |         |
| 18.  | Азайғыш, азайтқыш, айырма                 | 1          |         |         |
| 19.  | Азайту, бөлу амалдары                     | 1          |         |         |
| 20.  | Азайту, көбейту, бөлу амалдары            | 1          |         |         |
| 21.  | Теңдеу                                    | 1          |         |         |
| 22.  | Теңдеу құру жолдары                       | 1          |         |         |
| 23.  | Есептерді теңдеу құрып шығару             | 1          |         |         |
| 24.  | Қарапайым теңдеуді шешу                   | 1          |         |         |
| 25.  | Теңдеулерді түрлендіру тәсілімен          | 1          |         |         |

|     |  |   |  |  |
|-----|--|---|--|--|
|     | шешу                                   |   |  |  |
| 26. | Теңдеуді шешудің әртүрлі тәсілдері     | 1 |  |  |
| 27. | Күрделі теңдеуерді шешу                | 1 |  |  |
| 28. | Теңдеу. Өрнек Теңсіздік                | 1 |  |  |
| 29. | Теңдеу. Өрнек. Теңсіздік               | 1 |  |  |
| 30. | Санды және әріпті өрнектер             | 1 |  |  |
| 31. | Санды және әріпті өрнектерді құру      | 1 |  |  |
| 32. | Сандық өрнектерді ықшамдау, түрлендіру | 1 |  |  |
| 33. | Теңдеу, өрнектер тақырыбын қайталау    | 1 |  |  |
| 34. | Қорытынды сабақ.                       | 1 |  |  |

**Барлығы: 34 сағат**

## Логикалық есептер шығару практикумы

1. Үш бірдей фломастердің бағасы екі бірдей фломастердің бағасына карағанда 9 теңгеге қымбат. Үш бірдей фломастердің бағасы неше теңге тұрады?



Жауабы: А) 9 Б) 18 В) 27

Дәлелдеме: .....

2.  $2+3+2+3+2+3+3+2$  қосындысы екі көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде жазылған. Төмендегі сандардың қайсысы көбейткіш бола алмайды?

Жауабы: А) 4 Б) 5 В) 6

Дәлелдеме: .....

3. Дарияда 7 кәмпит, ал Нұрасылда одан аз кәмпит болды. Екеуі де бір кәмпиттен жеп қойды. Одан кейін Дария 2 кәмпитін Нұрасылға берді. Сонда олардың екеуіндегі кәмпиттер саны тең болды. Енді әрқайсысындағы кәмпиттер саны нешеу?

Жауабы: А) 4 Б) 5 В) 6

Дәлелдеме: .....

4. Үш санның көбейтіндісі 3-ке тең. Сол сандардың қосындысы нешеге тең?

Жауабы: А) 3 Б) 4 В) 5

Дәлелдеме: .....

5. Рахаттың бір қорабында үш қоңыз, тағы да басқа қорабында үш өрмекші, екі торда екі тотысы және бұрышта екі кірпісі бар. Осылардың

бәрінің неше аяғы бар?

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

6. Айбекте бірнеше қоян бар. Олардың құлақтарының саны 8 болса, аяқтарының саны нешеуі?

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

7. Өрнектің мәнін есептеңіз:

$$2+2 \square 2-2:2+2-2 \square \dots\dots\dots$$

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

8. 9 таяқша болды және олардың үшеуінің әрқайсысын кішкентай үш бөлікке бөліп жіберді. Енді жалпы таяқшалардың саны қанша болды?

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

9. Біріншісі 16 болатын 5 сан жазыңыз. Әр келесі сан алдыңғысынан екі есе кіші. Екінші және бесінші тұрған санның қосындысы нешеге тең?

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

10. Үш балада барлығы 15 кәмпит болды. Барлық баланың кәмпиттерінің саны бірдей болу үшін бірінші бала екіншіге бір кәмпит, ал екінші бала үшіншісіне 2 кәмпит берді. Үшінші балада әуелде неше



кәмпит болды?



А) 6

Б) 5

В) 3

Дәлелдеме: .....

11. Қандай саннан 11-ді азайтқанда, айырма 999-ға тең болады?

Жауабы: А) 988      Б) 1000      В) 1010

Дәлелдеме: .....

12. Неше \* цифр үшін  $*88 > 888$  теңсіздігі дұрыс?

Жауабы: А) 10      Б) 9      В) 1

Дәлелдеме: .....

13. Мына қосынды неше сантиметрге тең:

$$1 \text{ м} + 2 \text{ дм} + 21 \text{ см} + 90 \text{ мм} = \boxed{\phantom{000}}$$

Жауабы: А) 114      Б) 133      В) 150

Дәлелдеме: .....

14. Дария 564 санының жүздігінің орнына 7 цифрын жазудың орнына, ол оны 564 санының ондығының цифрының орнына жазып қойды. Шыққан сан:

Жауабы: А) бастапқыда алу керек саннан 10-ға артық  
Б) бастапқыда алу керек саннан 190-ға кем  
В) төрт таңбалы сан

Дәлелдеме: .....

15. Бірлігінің цифры ондығының цифрынан артық неше екі таңбалы сан бар?

Жауабы: А) 90      Б) 45      В) 36

Дәлелдеме: .....

16. Екі санның көбейтіндісі бір көбейткіштен 8 есе артық. Бір де бір көбейткіш нөлге тең емес. Онда, сол екі санның мүмкін болатын ең кіші қосындысы неге тең?

Жауабы: А) 8      Б) 9      В) 10

Дәлелдеме: .....

17. Екі таңбалы санды 4-ке көбейткенде, шыққан көбейтіндінің бірлігінің цифры 0 болатындай неше сан бар?

Жауабы: А) 9      Б) 18      В) 27

Дәлелдеме: .....

18. \* орнына қандай сан қойса да, әрқашан дұрыс болатын теңдік қайсысы?

Жауабы: А)  $5 \square * + 4 = 9$       Б)  $6 \square 7 + 0 \square (42 - *) = 42$

В)  $18 \square 1 + 18 \square 2 = 18 \square *$

Дәлелдеме: .....

**19.** 100 бен 999 аралығында бірлігінің цифры 1 болатын неше үш таңбалы сан бар?

Жауабы: А) 899 Б) 99 В) 90

Дәлелдеме: .....

**20.** Цифрларының қосындысы төрт болатын неше төрт таңбалы сандар құрастыруға болады? Осы сандарды жазып көрсет.

Жауабы: А) 19 Б) 17 В) 18 г) 20

Дәлелдеме: .....

**21.** Поезд екі сағат жүрді. Ол әр сағат сайын 71 км жол жүрген. Пойызға вокзалға дейін, әлі жүрген жолынан 52 км-ге кем жол жүру керек болса, барлық жолдың ұзындығы неше километр?

Жауабы: А) 90 Б) 232 В) 194

Дәлелдеме: .....

**22.** Бүгін сенбі. 18 күннен кейін аптаның қай күні болады?

Жауабы: А) сейсенбі Б) сәрсенбі В) бейсенбі

Дәлелдеме: .....

**23.** 10 саны – әртүрлі төрт санның қосындысы. Сол төрт санның мүмкін болатын ең үлкені:

Жауабы: А) 2 Б) 3 В) басқа жауап

Дәлелдеме: .....

**24.** Бірнеше кәмпит бар. Егер әр балаға 5 кәмпиттен берсе, онда 1 кәмпит қалып қояды. Ал егер әр балаға 4 кәмпиттен берсе, онда 3 кәмпит қалып қояды. Барлығы неше бала бар?

Жауабы: А) 2 Б) 3 В) 5

Дәлелдеме: .....

**25.** Хайуанаттар бағындағы жолбарыстың салмағы 292 кг және де ол арыстаннан 29 кг-ға ауыр. Олай болса, арыстанның салмағы .... кг.

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....

**26.** Барлық цифрлары тақ болып келетін неше екі таңбалы сандар бар?

Жауабы: .....

Дәлелдеме:.....

27. Мерей аптасына 2 рет музыка мектебіне барады. Егер мектеп сенбі, жексенбі күндері жабық болса, ол аптаның қай күндері бара алады. Бірнеше нұсқаларын көрсет.

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

28. Себетте оннан аз алма бар. Бұл алмаларды екі немесе үш балаға тең бөліп беруге болады. Сонда себетте қанша алма болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

29. Себетте алмалар бар. Олардың саны 50-ден кем. Бұл алмаларды 2,3 және 5 балаларға теңдей бөліп беруге болады. Бірақ барлық алмаларды бірдей 4 балаға теңдей бөліп бере алмайсыз. Олай болса, себетте барлығы қанша алма бар.

Жауабы:.....

Дәлелдеме: .....

30. 111 санының бірлігінің орнына 7 цифрын жазудың орнына, Қайсар оны 222 санының бірлігінің орнына жазып қойды. Шыққан сан:

А) бастапқы алу керек санға тең

Б) бастапқы алу керек саннан 110-ға кем

В) бастапқы алу керек саннан 110-ға артық

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

31. Галереяда 200 сурет бар. Бірінші күні олардың 32-і, ал екінші күні одан үш есе көп сурет сатылды. Галереяда неше сурет қалды?

Жауабы: А)32    Б)64    В) 72

Дәлелдеме: .....

32. Үш бала 18 қарындаш, 15 дәптер және 6 өшіргішті теңдей бөліп алды. Сонда әр бала барлығы неше зат алады?

Жауабы:    А) 11    Б) 12    В)13

Дәлелдеме: .....

33. @ орнына, @•8<561 теңсіздігі дұрыс болатындай неше цифр қоюға болады?

Жауабы: А) 70    Б) 71    В)72

Дәлелдеме: .....

**34.** 1 минуттың үштен бір бөлігі нешеге тең?

Жауабы: А) 20 секунд    Б) 3 минуты    В) 57 секунд

Дәлелдеме: .....

**35.** Текше, бірдей боялмаған 8 кішкентай текшелерден құрастырылған. Сол текшенің үш жағын жасыл түске боясақ, онда кішкентай текшелердің боялмаған жақтарының саны қанша?

Жауабы: А) 16    Б) 20    В) 36

Дәлелдеме: .....

**36.** Асқардың үйінде 3 мысық, 2 ит және бірнеше торғай бар. Барлық жануарлар мен құстардың жалпы аяқтарының саны неше болуы мүмкін?

Жауабы: А)25    Б) 23    В)28

Дәлелдеме: .....

**37.** Есепті дұрыс шешу үшін, көп нүктенің орнына қандай сан қою керек? „ 6 саны 42 санынан..... есе кем“

Жауабы: А)48    Б) 36    В)7

Дәлелдеме: .....

**38.** Нұрасыл 2 таңбалы сан құрастырды.Ерасыл сол цифрлардан тұратын, бірақ Нұрасылдың санынан өзге 2 таңбалы сан құрастырды. Нұрасылдың санын Ерасылдың санына қосқанда пайда болатын мүмкін сан?

Жауабы: А) 110    Б) 101    В) 111

Дәлелдеме: .....

**39.** Бір балықтың басы мен денесі 6 кг, басы мен құйрығы 3 кг, ал құйрығы мен денесі 5 кг тартады. Сондай екі балық неше килограмм тартады?

Жауабы: А) 14    Б)9    В)7

Дәлелдеме: .....

**40.** Бірнеше омартадан 216 кг бал жинаған. Егер олардың екуінен басқасының барлығынан – 18 килограмнан, ал екеуінен 27 килограмм бал жинаған болса, қанша омарта болған?

Жауабы: .....

Дәлелдеме: .....



## Жұмбақ есептер

1. Ертеректе бір дәулетті адамның үйіне ұрылар түсіпті. Үй иесі жалғыз екен. Ұрылардың үйін қоршап алғанын жабықтан байқаған үй иесі олардың қанша адам екенін де шамалап үлгереді. Ол шараға қымыз құйып алып, сапырып былай дейді: Сапырып-сапырып Сапырбайға бер, құйып-құйып Құймабайға бер, төрдегі төртеуге бер, есіктегі екеуге бер, аттыдағы алтауға қалдыр, түйедегі жетеуді де ұмытпа, өзің іш, өзіме бер! Бұны естіген ұрылар үйдегілердің саны өздерінен үш еседен артық екенін біліп, кетіп қалыпты. Үйде қанша адам болып еді? Ұрылар қанша адамды санады? Ұрылардың саны қанша болған?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

2. Ертегідегі Алдардың Шығайбайды алдап, оның аты мен қызын алып кеткен күн дүйсенбі болған екен. Бір жылда ең көп дүйсенбі неше рет болуы мүмкін?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Астанадағы 66-мектеп-лицейдің 3-сынып оқушылары қаладағы Оқушылар Сарайына жаңа жылдық ертеңгілікке барды. Олардың алдарынан мерекені ұйымдастырушы шығып: «Сәлеметсіздер ме, 66 мектеп-лицейден 100 оқушы келдіңіздер ме?» деп сұрады. Сонда бір топ қыз: «біз жүз емеспіз, бізге өзіміздей және біздің жартымыздай, тағы жартымыздың жартысындай және ұстазымыз қосылса, сонда жүз боламыз»-деді. Сонда 66 мектеп-лицейден қанша оқушы жаңа жылдық ертеңгілікке барған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

4. Егер де екі қатар тұрған жұп сандардың айырмасын 5-ке көбейтсек, нәтижесі неге тең болады?

Жауабы:            А) 5        Б) 10        В) басқа жауап

Дәлелдеме: .....

5. 1-ден 20-ға дейінгі сандар бірінен соң бірі жазылған. Сонда 1234567891011121314151617181920 тең үлкен саны шықты. Ондағы 29 цифрды өшіріп тастағанда, мүмкін болатын ең үлкен сан қалды.

Ол сан:

Жауабы: А) 9      Б) 99      В) 999

Дәлелдеме: .....

6. Егер барлық бір таңбалы сандардың қосындысын бір таңбалы сандардың көбейтіндісі түрінде жазсақ, онда көбейткіштердің ең үлкені неге тең болады?

Жауабы:            А)                    3                    Б)                    5                    В) 9

Дәлелдеме:.....

7. Үш дос А, Б және С жарысқа қатысты. Егер де Б екінші емес, С екінші, ал А соңғы орын емес екені белгілі болса, А нешінші орын алған?

Жауабы:            А)      бірінші      Б)      екінші      В)      үшінші

Дәлелдеме:.....

8.  $642:3=*$  бөлу мысалындағы \* орнында тұрған цифрлардың кішісі неге тең?

Жауабы:            А)                    4                    Б)                    2                    В)                    1

Дәлелдеме:.....

9. 1-ден 29-ға дейінгі сандардың нешеуін, кіші көбейткіші 3 болатын, екі әртүрлі санның көбейтіндісі түрінде жазуға болады?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

10. Төмендегі екі қатардағы сандардың қосындысы бірдей болатындай, екінші қатардағы \* орнына қандай сан қою керек?

23 133 24 132 161 62 89

123 33 124 32 61 172 \*

Жауабы: А) 99      Б) 89      В) 79

Дәлелдеме: .....

11. Электрондық сағат 20:14 көрсетіп тұр. Осы түнде бұл сағат осы цифрлармен, бірақ басқа ретпен жазылған, уақытты неше рет көрсетеді?



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**12.** Бірнеше таяқша болды. Алдымен олардың үшеуін екіге бөліп тастады. Кейін олардың үшеуін үш бөлікке бөліп тастады. Сонда шыққан таяқшалар саны бастапқы таяқшалардың санынан ..... артық болды.

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**13.** 50 гүлден әр гүлшоқта 7 гүлден немесе 9 гүлден тұратын бірнеше гүлшоқ құрастырылды. Сонда неше гүлшоқ құрастырылды?



Жауабы: .....

Дәлелдеме:.....

**14.** Шахмат ойынына 7 адам қатысқан. Әрқайсысы бір-бірімен бір партиядан ойнады. Олар барлығы қанша партия ойнаған?



Жауабы:            А) 17        Б) 21        В) 35

Дәлелдеме:.....

**15.** Егер бөлгіш 7 болса, онда мүмкін болатын қалдықтар саны:

Жауабы: А) 6        Б) 7        В) 8

Дәлелдеме:.....

**16.** Әртүрлі цифрлар мен жазылған, ең кіші бес таңбалы санның жүздігінің цифры неге тең?

Жауабы:        А) 2        Б) 3        В) 5

Дәлелдеме:.....

**17.** 2014-тен кіші, 21 ғасырдың жылдарын білдіретін неше сан бар?

Жауабы:        А) 14     В) 13    Г) 12

Дәлелдеме:.....

**18.** Бірлігінің цифры ондығының цифрына тең болатын барлығы неше төрт таңбалы сан бар?

Жауабы:        А) 9000    Б) 1000    В) 900

Дәлелдеме:.....

**19.** 1-ден 100-ге дейінгі тақ сандардың қосындысын табыңыз. Ол үшін төмендегі заңдылықты пайдаланыңыз:

$$1+3=2 \underline{1} \underline{2};$$

$$1+3+5= 3 \underline{1} \underline{3};$$

$$1+3+5+7= 4 \underline{1} \underline{4};$$

$$1+3+5+7+9= 5 \underline{1} \underline{5}.$$

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**20.** Тақ үш таңбалы сандардың саны, тақ цифрлар мен жазылған үш таңбалы сандардың санынан нешеге артық?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**21.** Төрт әртүрлі жұп сандардың қосындысы 20-ға тең. Сол сандардың ең кішісін табыңыз:

Жауабы:        А) 2     Б) 4     В) 6

Дәлелдеме:.....

**22.** 4 теңгені неше тәсілмен шығаруға болады?

Жауабы .....

Дәлелде:.....

**23.** Екі тәттіқұмардың туған күніне салмағы 7 кг бал құйылған бөшкені сыйлады. Тәттіқұмарлар бөшкедегі балдың жартысын жеп қойғанда, қалған бал бөшкемен 4 кг болды. Басында бөшкеде қанша килограмм бал болған?

Жауабы .....

Дәлелде:.....

**24.** Жолдың бойына төрт баған орнатылған. Көрші екі бағанның арасы 5 м. Ал екі шеткі бағандардың арасы қанша болғаны?

Жауабы .....

Дәлелде:.....

**25.** Санның екі таңбасының қосындысы 10-ға тең. Егер осы саннан осы санның кері жазғандағы түрін азайтсақ, шешімі 72 болады. Алғашқы екі таңбалы санды табу керек.

Жауабы .....

Дәлелде:.....

**26.** 100 беттік дәптерді нөмірлеу үшін қанша цифр қажет болады?

Жауабы .....

Дәлелде:.....

27.



Жауабы .....

Дәлелде:.....

28. Екі көбейткіштің көбейтіндісінде біреуі екіншісінен 9 есе үлкен.

Екінші көбейткішті табу керек.

Жауабы А) 56 В) 81 С) 9 Д) 18

Дәлелде:.....

29. Ең кіші екі таңбалы санға 35 ті қос. Шыққан нәтижені ең үлкен бір таңбалы санға бөліп, өрнек құрып шығар.

Жауабы: А) 0 Б) 2 В) 5

Дәлелдеме: .....

30. Жайлауда 14 қой жайылып жүр. Олардың сиырларға карағанда 3-еуі артық. Жайлауда қанша сиыр жайылып жүр?

Жауабы А) 14-3 В) 14+3 С) 14:3 Д) 14·3

Дәлелде:.....

31. Кітапта екі әңгіме жазылған. Бірінші әңгіме екіншіге карағанда 17 бет аз орын алады. Егер бірінші әңгіме 36 бет болса, онда екі әңгіме қанша бет болады?

Жауабы А) 89 В) 53 С) 94 Д) 68

Дәлелде:.....

32. Құрылысқа екі күнде 721т кірпіш әкелінді, бірінші күні 126т әкелінді. Құрылысқа екінші күні қанша тонна кірпіш әкелінді?

Жауабы А) 721-126 В) 721+126 С) (721-126):2 Д) (721+126)·2

Дәлелде:.....

33. Арқанның бірінші бөлігінің ұзындығы 2м 3дм, ал екінші бөлігінің ұзындығы одан 5 есе ұзын. Екінші бөліктің ұзындығы қанша?

Жауабы А) 11м5дм В) 11м С) 12м5дм Д) 10м5дм

Дәлелде:.....

34. Болат 27 саңырауқұлақ терді, ал Серік Болатқа карағанда 5 саңырауқұлақ кем терді, бірақ Қайратқа карағанда 4 саңырауқұрақ артық терді. Балалар барлығы қанша саңырауқұлақ терді?

Жауабы А) 75 В) 85 С) 67 Д) 73

Дәлелде:.....

35. Бірінші гүл шоғында 28 раушан гүлі бар, ол екінші гүл шоғындағы раушан гүлінен 9-ға көп және үшінші гүл шоғындағы раушан гүлінен 7-ге кем. Үш гүл шоғында барлығы қанша раушан гүлі бар?

Жауабы А) 78                      В) 58                      С) 82                      Д) 64

Дәлелде:.....

36. Екі цистернада  $x$  тонна мұнай бар. Егер екінші цистернада 60 тонна мұнай болса, бірінші цистернада қанша мұнай бар?

Жауабы А)  $60:x$                       В)  $x:60$                       С)  $60x$                       Д)  $x-60$

Дәлелде:.....

### Қисынды ойлауға қызықты тапсырмалар

1. Алдиярға анасы пісірген самсаларының төрттен бір бөлігін және тағы да бір самсаны қосып берді. Сонда Алдиярда барлығы 5 самса болды. Анасы барлығы қанша самса пісірген екен?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

2. Үш санның көбейтіндісі 1000-ға тең. Бірінші көбейткіш ең кіші үш таңбалы санға тең, ал екінші көбейткіш бірінші көбейткіштен 50 есе кем. Бірінші көбейткіш қаншаға тең?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Автотұрақта бірнеше машина болды. 35 жаңа машина әкелінгеннен кейін, 12 машинаны тізімнен шығарды, сонда авто тұрақта 93 машина болды. Автотұрақта қанша машина болған?

Жауабы: А) 45                      В) 70                      С) 60                      Д) 56

Дәлелде:.....

4. Сарайдың әр қабырғасын 3 есе кеңейтсек, ауданы қалай өзгереді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

5. Олжас, Елнұр, Азамат ағайындылар. Олар әр сыныпта оқиды. Азамат Олжастан кіші, ал Елнұр Азаматтан кіші емес. Бұл үйдің үлкені,

ортаншысы, кішісі кім?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Ануарбек үйіне қандай жылдамдықпен баруы мүмкін?

Жауабы: А) 20 мин/с    ә) 1 км/сағ    б) 20 м/мин    ә) 4000 м/сағ

Жауабы:.....

7. Екі чемоданның массасы 20 кг. Олардың бірінің массасы екіншісінің массасынан 3 есе кіші. Үлкен чемоданның массасын табыңдар?

Жауабы    А) 15                    В) 9                    С) 12                    Д) 18

Дәлелде:.....

8. Абай, Мақсат және Женіс тәттіқұмарлар сайысына қатысты. Абай екінші орын алған жоқ, ал Мақсат бірінші орын да, екінші орын да алған жоқ. Абай нешінші орын алды? Мақсат ше? Женіс ше?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

9. Жанұяда төрт бала бар. Олардың жастары 5, 8, 13, 15. Аттары Гүлнұр, Арнұр, Айнұр, Таңнұр. Бір қыз бала балабақшаға барса, әрқайсысы нешеде болғаны? Гүлнұр Арнұрдан үлкен, Гүлнұр мен Айнұрдың жасы үшке бөлінеді.

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

10. Бала үйінен шығып тура 200 м жүріп өтті. Содан кейін солға бұрылып 25 м және солға бұрылып 200 м жүріп өтті. Ол үйінен қанша қашықтықта болды?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

11. 4 натурал санның көбейтіндісі 72-ге тең. Олардың қосындысы 15 және олардың ешқайсысы 2-ге тең емес. Олардың ең үлкені нешеге тең?

А) 6                                    В) 8                                    С) 9

Дәлелде:.....

12. Әр цифры алдындағы цифрдан 1-ге артық болатын барлық үш таңбалы сандарды жазып шығу керек.

Жауабы: .....

13. Әрқа йсысы 28 кесектен тұратын, 5 бірдей шоколадты 7 балаға тең қылып бөлу үшін ең азы неше рет кесу керек?



А) 6                                    В) 7                                    С) 8

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

**14.** Төмендегі сандарды тек қана «+», «-» таңбаларын қою арқылы, нәтижесінде 0 шығаруға болады?

$$1280 \dots 740 \dots 60 \dots 600 = 0$$

**15.** Жол бойына үйеңкі мен жөке ағаштары отырғызылды. Әрбір екі үйеңкінің ортасына екі жөке ағаштары отырғызылған. Егер үйеңкі 20 болса, жөке ағашы нешеу?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

**16.** Біз қай уақытта 2-ні көріп тұрып, 14 дейміз?

Жауабы: .....

**17.** Мияухан мен Ақтөс бірге 20 кәмпит жеді. Ал Мияухан мен Томпақ 22 кәмпит жесе, Томпақ пен Ақтөс бірге 26 кәмпит жеп қойған. Ендеше, Мияухан, Ақтөс және Томпақтың әрқайсысы қанша кәмпиттен жеген?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**18.** Тауық үш күнде 1 жұмыртқа табады. 12 тауық 3 күнде қанша жұмыртқа табады? 12 тауық 12 күнде қанша жұмыртқа табады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**19.** Аулада қозылар мен балапандар жайылып жүр. Олардың жиырма бастары және елу екі сирағы бар. Сонда қозылар қанша, балапандар қанша болғаны?








Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**20.** Дөңгелектерге 1,2,3,4,5,6 сандарын қой, үшбұрыштың әр қабырғасын қосқанда 12 саны шығатын болуы керек.



**21.** Екі санның қосындысы 462-ге тең. Қосылғыштардың біреуі 0-ге аяқталады. Егер 0-ді сызып тастасақ, екінші қосылғыш шығады. Олар қандай сандар?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**22.** Кітаптың 100 беті бар. Оның қалыңдығы 1 см. Егер кітапта 1000 000 бет болса, оның қалыңдығы қанша болғаны?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

**23.** Дарияның кәмпиттерін 5 досына бөліп беруге болады. Егер 2 досына немесе 4 досына бөліп берсе, бір кәмпит артық қалады. Дарияның кәмпиттері 10-нан артық, 30-дан кем болса, оның кәмпиті қанша болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**24.** Ернар мен Мерейге достары – Рахат пен Айзада келді. Ернар үш алманы төртеуіне тең етіп бөліп берді. Әр алмаға тек екі кесік қана жасау керек/Суретін салып көрсет.

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

**25.** Аулада қаздар, тауықтар, қозылар және лақтар жүр. Олардың ішінде 3 тауық және сонша қаз жүр. Қозылар лақтардан артық, бірақ тауықтардан аз. Аулада қанша қаздар, қозылар және лақтар жүр?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

**26.** Дария, Нұрасыл және Аяла үшеуі кәмпитті тең етіп бөлді. Нұрасылдың жарты кәмпитін Аяла мен Дарияға бөліп берді. Аяланың жарты кәмпитін Нұрасыл мен Аялаға бөліп берді. Осыдан кейін олардың әрқайсында 16 кәмпиттен болды. Алғашқыда олардың әрқайсында қанша кәмпиттен болды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**27.** Сыныпта 35 оқушы бар. Қыздар ұлдардан үшке артық. Сыныпта ұлдар қанша, қыздар қанша болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**28.** Тиін 21 жаңғақты тәрелкелерге салды. Сонда әр тәрелкедегі жаңғақтар бір-бірінен 1 жаңғаққа артып отырды. Тиін жаңғақтарды қалай бөліп салған?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**29.** Рауан мен Рахатта бірге-11 жаңғақ бар. Рауан мен Әлібекте бірге - 12 жаңғақ, Рахат пен Әлібекте бірге-13 жаңғақ. Сонда үшеуінде барлығы қанша жаңғақ болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**30.** Азамат, Айсұлтан, Алдияр, Нұрәли, Елнұр, Ануарбек және Санжар 1 т 8 ц 56 кг қызанақ жинады. Осы қызанақтардың төрттен бір бөлігін себеттерге 16 кг-нан бөліп салды. Ал қалған бөліктерін себеттерге 24 кг-нан салды. Қызанақтарды салу үшін барлығы неше себет керек болды?

Жауабы:.....

Дәлелде: .....

**31.** Шырылдауық шегіртке жаздың әр тәулігінің жартысын ұйқымен өткізді, ал үштен бірін билеумен болды, ал алтыдан бір бөлігін ән айтумен өткізді. Қалған уақытын қысқа дайындалуға жұмсамақ болды. Шырылдауық шегіртке қысқа дайындалуға қанша сағат бөлді?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**32.** Алдар Көсе мен Желаяқ бір айналымының ұзындығы 30 км болатын стадионда жүгіруден сайысты. Сайыстың шарты бойынша бір айналым артық жүгіріп өткен жеңімпаз атанады. Желаяқ бір айналымды 10 минутта жүгіріп өтеді, ал Алдар Көсе – 6 минутта. Екеуі де бірқалыпты жүгіреді. Қанша минуттан кейін Алдар Көсе Желаяқтан озып кетеді?

Жауабы:.....


Дәлелде:.....

**33.** Сыныптағы 25 оқушының 17-сі ағылшын тілін, кейбіреуі француз тілін де үйреніп жүр, ал 15 оқушы француз тілін үйреніп жүр. Екі тілді де үйренушілер саны қанша?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**34.** Бәрімізге белгілі Айда адам Жерге қарағанда әлдеқайда жеңілдеп, салмақсыздыққа ұшырайды. Ал Юпитерде Жерге қарағанда одан да көбірек жоғалтады. Адам өзінің салмағын қайда көбірек жоғалтады Айда ма, Жерде ме әлде Юпитерде ме?



Жауабы: .....

Дәлелде:.....

**35.** Дымбілмес үй тапсырмасын орындап болып, баққа демалуға келді. Бір кезде оның іші пысып, ұшып жүрген шыбындарды санай бастады. Оның санаған шыбындарының көптігі соншалықты, үш таңбалы сандарды құрай бастады. Ол сандардың ондықтары жүздіктерінен 5-ке артық, ал бірліктері мүмкіндігінше ең үлкен сан болса, олар қандай сандар болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**36.** Дымбілместің досы – Томпақ тамақты қашан, қай жерде, қанша болса да жей береді екен. Ол бірінші күні барлық балмұздақтың жартысын және 5 порция, ал келесі күні қалған балмұздақтың жартысын және соңғы 10 порция балмұздақты жеп қойса, Томпақ екі күнде қанша балмұздақ жеген?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**37.** Елордамыз Астананы Есіл өзені екіге бөліп ағады. Тоқмырза мен Әмір екеуі демалыс күні Есілден балық аулап, жандарына келген Жошыдан ауланған балықтарды екеуіне бөліп беруін өтінді. Жошы көп ойланбастан, ауланған балықтарды санап шықты. Олардың саны 55 екен. Ол тақтарын Әмірге, жұптарын Тоқмырза бөліп берді. Қалай ойлайсың, кім қанша балықтан алды?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**38.** Қарлығаш сағатына 30 км ұшады. 20 минутта қанша км ұшады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**39.** Әкесі, шешесі, ұлы үшеуінің жастарын қосқанда 70 жас. Ал төрт жылдан кейін үшеуінің жастары нешеге жетеді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**40.** Медет анасына себетін толтырып, дала гүлдерін теріп әкелді. Ол кішкентай болғандықтан, гүлдерін санай алмады. Жинаған гүлдерінің саны 20-дан көп, 50-ден аз. Оларды 2-ден, 3-тен, 5-тен тең етіп бөлуге болады. Ал 4-тен бөлінбейді. Медеттің жинаған гүлдерінің саны қанша болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**41.** Мұғалім тақтаға бірнеше теңдіктерді жазып қойды. Кезекші Самат кейбір сандарды байқамай өшіріп тастады. Өшірілген сандарды орнына қойып көр және өшірілген сандардан қандай заңдылықтарды байқадың?

Осы заңдылықты сақтап, 4 санға жалғастыр.

$$205 - 5 = 170 + \underline{\hspace{2cm}}$$

$$48 + 62 = 10 + \underline{\hspace{2cm}}$$

$$893 - 800 = 64 + \underline{\hspace{2cm}}$$

$$200 - 51 = \underline{\hspace{2cm}} + 48$$

$$602 + \underline{\hspace{2cm}} = 706 - 76$$

$$\underline{\hspace{2cm}} - 42 = 34 + 26$$

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

**42.** Дария жануарларды, оның ішінде құстарды өте жақсы көретін. Ол бір күні судың бетін жауып, айдында жүзіп жүрген аппақ құстарды көрді де, санап үлгерді. Ол 30-дан артық, 50-ден кем, цифрларының

қосындысы 12-ге тең, жұп сан. Дарияның санаған құстары қанша болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

43. Саяхатқа шығу үшін 48 саяхатшыға 10 күнге азық-түлік дайындалды. Осы азық-түлік Дымбілмес пен Тапқышбекке неше күнге жетер еді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

44. Дүкенге 4 қап картоп әкелінді. Бірінші қапта 52 кг картоп бар, ол екінші қаптан 4 кг аз, ал үшінші қаптан 4 кг көп екенін білдіреді. Төртінші қаптағы картоп бірінші және үшінші қаптағы картопты бірге алғандағының жартысына тең. Дүкенге қанша картоп әкелінді?

Жауабы: А) 216кг В) 210кг С) 206кг Д) 194кг

Е) 198кг

Дәлелде:.....

45. Екі тасбақа бір-біріне қарама-қарсы жүріп келе жатыр. Біреуі 176 сантиметр, екіншісі і біріншіге қарағанда 80 мм-ге артық жүрді. Екі құмырсқа бірге қанша жер жүреді?



А) 36 дм

В) 260 см

С) 402 мм

Дәлелде:.....

46. Себетте алмалар бар. Олардың саны 50-ден кем. Бұл алмаларды 2,3 және 5 балаларға теңдей бөліп беруге болады. Бірақ барлық алмаларды бірдей 4 балаға теңдей бөліп бере алмайсыз. Олай болса, себетте барлығы алма бар.



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

47. Үш санның қосындысы 43. Бірінші және екінші санның қосындысы. Бірінші және үшінші санның қосындысы 27 болса, осы қандай сан болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

48. Мен күніне 6 есеп шығардым, ал менің ағам 3 есе шапшаң шығарады. Екеуіміз бірге 72 есеп шығардық. Біз бұл есептерді ..... күнде шығардық.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

49. Мерей, Рахат, Нұрасыл және Дарияда әрқайсысында кәмпиттер бар. Мерей мен Рахатта бірге 5 кәмпит, Рахат пен Нұрасылда бірге 6 кәмпит, ал Нұрасыл мен Дарияда бірге 5 кәмпит бар. Олай болса, Дария мен Мерейде бірге неше кәмпит бар?



Жауабы: А) 4      Б) 6      В) 10

Дәлелдеме:.....

50. Барлығы 27 гүл бар, олардан 3 гүл және 5 гүлден тұратын гүлшоғырларын құрастырды. Барлық құрастырған гүлшоғырлар саны нешеге тең?





Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**51.** Бірліктерінен ондықтары 2 есе кем екі таңбалы сандарды жаз. Олар нешеу?

Жауабы:.....

Дәлелдеме: .....

**52.** Мұстафа Нұрасылдан жоғары, бірақ Асхаттан төмен тұрады. Ал Ерулан Нұрасылдан төмен тұрады. Төрт қабатты үйдің қайсы қай қабатында тұрады?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**53.** 35 санына ең кіші екі таңбалы санды қосып, шыққан санды ең үлкен бір таңбалы санға бөл. Қандай сан шықты?

Жауабы:.....

Дәлелдеме.....

**54.** Сұлтан – оқушы. Оның жасын көрсететін сандардың орындарын ауыстырсақ, атасының жасы шығады. Атасының жасы 60-тан үлкен 70-тен кіші. Сұлтанның жасы нешеде? Оның атасының жасы нешеде болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**55.** Үш қыз – Гүлнар, Шынар, Сәуле ойнап жүріп, әрқайсы бір ойыншықты жасырып қойды. Жасырған ойыншықтары: қонжық, көжек, күшік. Гүлнар көжекті жасырған жоқ, Сәуле көжекті де, қонжықты да жасырған жоқ. Қай қыз қай ойыншықты жасырды?



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**56.** 5 цифры 1-ден 100-ге дейінгі сандарда неше рет кездеседі?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**57.** Нұрасыл Есілдің сол жағалауымен серуендеуге шықты. Ол Есілден үш рет малтып өтті. Нұрасыл қай жағалауда болуы мүмкін?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**58.** Жолдың бойына аралары бір метрден ағаш отырғызылды. Бірінші ағаш пен соңғы ағаштың арасы 8 метр болса, неше ағаш отырғызылған?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

**59.** Қорапта 9 теннис шарлары бар. Ішінде бір шар басқаларына қарағанда жеңілірек. Өлшегіш кір тастарының көмегінсіз, таразымен жеңіл шарды қалай анықтауға болады?



Жауабы:.....  
Дәлелдеме:.....

**60.** Дария «Балдырған» сөзін жазбақшы болды. Ол бейсенбі күні бірінші әрпін жазды. Осылай күнде бір әріптен жазса, Дария аптаның қай күні соңғы әріпті жазады?

Жауабы:.....  
Дәлелдеме:.....

**61.** Бөренені үш бөлікке бөлу үшін, неше рет кесу қажет болады?



Жауабы:.....  
Дәлелдеме:.....

**62.12** бала футбол мен теннис үйірмесіне қатысады. Олардың 8- і футболға, 9-ы тенниске қатысса, неше бала екі үйірмеге де бірдей қатысады?

Жауабы:.....  
Дәлелдеме:..

**63.** Отбасында 5, 8, 13, 15 жастардағы 4 бала бар. Олардың аттары

Гүлнар, Серік, Гүлдар, Гүлден. Бір қыз балабақшаға барады. Гүлнар Серіктен үлкен, ал Гүлнар мен Гүлдардың жастарының қосындысы 3-ке бөлінеді. Әр баланың жасын анықтап көр.

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.. ..

**64.** Ақ раушандар саны 20, қызыл раушандар аққа қарағанда 4-ке көп, ал сары раушандар қызыл раушандарға қарағанда 4 есе аз. Барлығы неше раушан?



А) 50

В) 64

С) 28

Дәлелдеме: .....

**65.** Алматы та, Берік те бағалары бірдей футбол добын сатып алғысы келеді. Алматыға доп алу үшін 2 доллар жетпейді, ал Берікке 3 доллар жетпейді. Егер олар ақшаларын қосса, бәрібір де допты сатып ала алмайды, оларға 1 доллар жетпей қалады. Бір доп неше доллар тұрады?

А) 6

В) 5

С) 4

Дәлелдеме:.....

## Теңдеу құрып шығаруға арналған логикалық тапсырмалар

1. Асқар бір сан ойлады. Ол оны 8-ге көбейтті, көбейтіндіден 36-ны шегерді. Айырмасы 76-ға тең болды. Асқар қандай сан ойлады?

Жауабы: А) 17      В) 12      С) 16      Д) 14

Дәлелде:.....

2. Бір санды 2-ге бөліп, алынған бөліндіні 3-ке көбейткен. Шыққан көбейтіндіге 4-ті қосқанда 19 шыққан. Бастапқы сан қандай болған?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

3. Оқушы бір сан ойлады, осы санды ол 9-ға көбейтті және шыққан нәтижеге 40-ты қосты, сонда 76 шықты. Оқушы қандай сан ойлады?

Жауабы                      А) 4      В) 12      С) 6      Д) 2

Дәлелде:.....

4. Теңдеуді шеш:  $32-(x+8):4=27$

Жауабы:                      А) 7      В) 9      С) 12      Д) 4

Дәлелде:.....

5. Оқушы бір сан ойлады, осы саннан ол 91-ді шегеріп және шыққан айырмаға 37-ні қосты, сонда 46 шықты. Оқушы қандай сан ойлады?

Жауабы                      А) 18      В) 100      С) 110      Д) 105

Дәлелде:.....

6. Теңдеуді шеш:  $20:(32-4x)=5$

Жауабы                      А) 7      В) 9      С) 14      Д) 4

Дәлелде:.....

7. Егер ойлаған саннан 124-ті шегеріп және шыққан айырмаға 108-ді қосса, онда 120 шығады. Ойлаған сан қандай?

Жауабы                      А) 136      В) 124      С) 108      Д) 164

Дәлелде:.....

8. Теңдеуді шеш:  $32-(x+8):7=24$

Жауабы:                      А) 48      В) 9      С) 14      Д) 4

Дәлелде:.....

9. Егер 324 санынан белгісіз санды шегеріп, шыққан нәтижені 243 санынан кемітсе 31 шығады. Ойлаған сан нешеге тең?

Жауабы                      А) 112      В) 124      С) 86      Д) 102

Дәлелде:.....

10. Теңдеуді шеш:  $72-x=663:17$ ;

Жауабы:                      А) 7      В) 9      С) 33      Д) 42

Дәлелде:.....

11. Бірнеше бала балық аулады. Барлығы 126 балық ұстады. Егер олардың үшеуінен басқасының барлығына 12 балықтан, ал үшеуіне 18 балықтан тиген болса, балалар нешеу болған?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

12. Бірнеше омартадан 216 кг бал жинады.Егер олардың екеуінен басқасының барлығынан – 18 килограмнан, ал екеуінен 26 килограмнан бал жинаған болса, қанша омарта болған?



Жауабы: .....

Дәлелде:.....

13. Мерей мен Рахат екеуі бірге 14 жаста. Рахат пен Рауан екеуі бірге 20 жаста.Мерей мен Рауан – 16-да. Мерей, Рахат, Рауан – үшеуі бірге барлығы неше жаста? Олардың әрқайсының жасы неше жаста?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

14. Үш дүкенде 243 кг алма болған.Екінші дүкенде 29 кг сатылып,ал бірінші дүкенге тағы да 26 кг алып келгенде барлық дүкенде алмалар бірдей болды. Әр дүкенде әуелі қанша килограмм алма болған?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

15. Үш автотұрақта 123 машина болған.Екінші автотұраққа тағы 27 машина кіріп, ал үшіншісінен 12 машина шығып кеткен кезде барлық автотұрақтағы машиналардың саны бірдей болды. Әр автотұрақта әуелі қанша машина болған?



Жауабы: .....

Дәлелде:.....

16. Бірінші автобуста туристер екінші автобустың карағанда 3 есе көп болған. Бірінші автобустан екінші автобустың 12 адамды ауыстырып отырғызғанда автобустардағы туристер саны бірдей болды. Әр автобуста әуелі неше туристен болған?

Жауабы: .....

Дәлелде:.....

17. Бірінші бумада дәптерлер екіншіге карағанда 3 есе көп. Екінші бумаға 13 дәптер қосып, ал бірінші бумадан 10 дәптер алғанда екі бумадағы дәптер 87 болды. Екі бумада әуелі неше дәптер болған?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

18. Рахат ө зінде бар ақшасына 9 дәптер сатып алса, 160 теңге ақшасы артық қалады. Ал 11 дәптер сатып алса, 40 теңге ақшасы артық қалады. Үсеннің қанша теңге ақшасы бар?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

19. Жоғарғы кітап сөресінде ортаңғы сөреге карағанда 7 кітап аз әне төменгі сөреге карағанда 11 кітап аз. Егер жоғарғы сөреде 24 кітап болса, барлық үш сөреде қанша кітап бар?

Жауабы: А) 54кітап В) 75кітап С) 85 кітап Д) 9285 кітап Е)90 кітап

Дәлелде:.....

20. Теңдеуді шешіңіз:  $390: (4x+3)=26$

Жауабы: А) 4 В) 2 С) 5 Д) 3 Е) 6

Дәлелде: .....

21. Теңдеуді шешіндер:  $(a - 86) \cdot 204 = 7548$

Жауабы: А) 37 В) 86 С) 123 Д) 33 Е) 68

Дәлелде: .....

22. Жеңіл машина  $X$  км арақашықтықты – 2 сағатта, ал автобус 3

сағатта жүріп өтеді. Автобустың жылдамдығы жеңіл машинаның жылдамдығынан қанша кем?



Жауабы:    А)  $(x:2) : (x:3)$             С)  $x:2+ x:3$   
                  В)  $(x:2) \cdot (x:3)$             Д)  $x:2- x:3$

Дәлелде: .....

23. Қанат, Санжар және Арман балық аулады. Олардың ұстаған балықтарының саны әртүрлі. Қанат пен Санжар бірге 6 балық, Арман мен Қанат бірге 4 балық ұстады. Арман қанша балық ұстаған?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

24. Саянда 6 екітиындық, ал Арайда 10 үштиындық ақша болды. Екеуінің ақшасы тең болуы үшін, Арай Саянға қанша ақшасын беруі керек?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

25. Мұғалім 111 дәптерді сыныптағы оқушыларға тең етіп таратып берді. Сыныптағы оқушылардың саны 20-дан көп, 40-тан аз. Сыныптағы оқушылардың саны қанша болғаны?

Жауабы: .....

Дәлелде: .....

26. Ауа райын бақылау орталығы күндізгі сағат 15-те алдыңғы апталарда ауа райының ашық, шуақты болатынын хабарлады. 60 сағаттан кейін ашық, шуақты күндерді күтуге бола ма?

Жауабы: .....



Дәлелде: .....

27. 50 бірдей кітап 17 теңгеден артық, 18 теңгеден кем тұрады. Сонда бір кітап қанша тұрады?  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....

28. Бір өшіргіш, екі қарындаш және үш блокнот 38 теңге тұрады. 2 қарындаш және 1 блокнот 22 теңге тұрады. Өшіргіш, қарындаш, блокноттан тұратын жинақ қанша тұрады?  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....

29. Әсел, Самал және Гүлден үшбұрыш, квадрат және шеңбер сызды. Әсел сызған фигура квадрат емес. Самал сызған фигура шеңбер емес. Гүлден сызған фигура квадратта емес, шеңберде емес. Кім қандай фигура сызған?  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....

30. Үш дос үйірмелерге қатысады. Олардың біреуі математика үйірмесіне, екіншісі «Шебер қолдар», басқасы «Жас натуралистер» үйірмесіне қатысады. Біздің білетініміз:

- Егер Рауан математика үйірмесіне қатысса, Рахат «Шебер қолдар» үйірмесіне қатыспайды;
- Егер Арман «Шебер қолдар» үйірмесіне қатыспаса, Рауан математикаға қатысады;
- Егер Рахат математика үйірмесіне қатыспаса, Арман «Жас натуралистерге» қатысады.

Сонда қайсысы қай үйірмеге қатысады?  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....

31. Үшеуіміз математикалық олимпиадаға қатысып, біреуіміз 1-орын, екіншіміз 2-орын, басқамыз 3-орын алдық. Қайсымыз нешінші орын алдық?  
 Рауан: Мен-екінші; Арман – үшінші  
 Рахат: Мен-екінші; Рауан – бірінші;  
 Арман: Мен-бірінші; Рахат екінші;  
 Бұл жауаптардың біреуі шын, біреуі жалған.  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....

32. Нұрбек, Ибрагим және Ғазиз үшеуі «Тәтті құмарлар» сайысына қатысты. Нұрбек екінші орын алған жоқ, Ибрагим бірінші де, екінші де орын алған жоқ. Қай бала қай орын алды?  
 Жауабы: .....

Дәлелде: .....



37. Барлығы 50 гүл бар. Олардан 7 гүл және 9 гүлден тұратын гүлшоғырлар құрастырылған. Барлық құрастырылған гүлшоғырлар саны нешеге тең?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

38. Қорапта 7 қызыл, 3 жасыл және 5 көк, 10 ақ шар бар. Қораптан қарамастан бірнеше шар алу керек. 3 шар түрлі түсті болу үшін неше шар алу керек?



Жауабы:.....

Дәлелдеме: .....

39. Данагүл Оралға қарағанда 2 кг кем, бірақ Гүлденнен 4 кг артық 17 кг алма жинады. Қыз балалар бірігіп барлығы қанша алма жинады?

Жауабы А) 49                      В) 53                      С) 51                      Д) 43

Дәлелде:.....

40. Нұрасылдың атасы әртүрлі цифрлармен жазылған үш таңбалы санға тең. Нұрасылдың атасы неше жаста?

Жауабы : .....

Дәлелде:.....

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық, логикалық қабілеттерін дамыту». 1998 жыл, ББЖКБАРИ.
2. Ә. Сәрсекеев «Қазақтың қара есептері», 2000 жыл.
3. В. Н. Русанов «Математические олимпиады младших школьников», 1989 жыл.
4. Г. В. Раицкая «Развитие логического мышления у детей», 2007 жыл.
5. «Бастауыш мектеп», 26-28 беттер, 2009 жыл
6. Математика оқулығы, 4-сынып. «Логикалық есептер. Тексеру жұмыстары. Тестілік тапсырмалар», Оспанова З. 20010 жыл
7. «Шексіз математика» есептер жинағы I, II, III, IV, V Халықаралық THIRD INTERNATIONAL. 2012, 2013, 2013, 2014. 2015. 2016 жылдар.
8. З. Оспанова «Ертегілер арқылы жеке тұлғаны шығармашылыққа бейімдеу», 2008 жыл.
9. З. Оспанова «Математикалық логика», 2011 жыл. «Олимпиадные задания», Г. В. Раицкая. 2009 жыл.
10. «Бастауыш сынып оқушыларына математикадан қызықты есептер жинағы » З. С. Оспанова. 2009 жыл. Астана
11. Ұстаздық шығармашылық. Б. Тұрғынбаева. 2007 жыл. Алматы
12. «Қазақтың қара есептері» Ә. С. Сәрсекеев. 2003 жыл. Астана
13. «Сказки и подсказки» задачи для математического кружка. Е. Г. Козлова. 2004 год, МЦНМО Москва.

***ЕСКЕРТПЕ ҮШІН***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ӨРКЕНИЕТ» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БАСПАСЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
ИЗДАТЕЛЬСТВО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЦЕНТРА  
«ӨРКЕНИЕТ»**



Электрондық почта: [kabinet-2020@mail.ru](mailto:kabinet-2020@mail.ru)